

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»  
мемлекеттікт мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Қарасай филиалы**

**Филиал туралы мәлімет**

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қарасай филиалының тарихы:

- 1.** «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2014 жылы 6 қантарда № 06-Б бүйрекшілік негізінде Қарасай филиалы құрылды.
- 2.** 2014 жылдың сәуір айында Ұзынағаш филиалынан 94 қор 18706 сақтау бірлігі қабылданды.
- 3.** Филиалдың штат саны – 7.
- 4.** Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Қарасай ауданында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мемемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мұдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, архив құжаттарын қабылдау, филиалда сақтауға жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік – құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау, белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; Филиалдың жинақтау көздері-мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және

сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету, архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме үйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

#### **5. Кор және құжаттар саны:**

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда-145 қордың 44091 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.

Филиалға өткен құжаттардың ішінде Қарасай ауданының ауылдарын атқару кеңесінің құжататры, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдарың округтер әкімі аппараттарының, жұмыспен қамту орталығының, аудандық аурухананың, колхоз, совхоздардың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Жеке тектік құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдау бойынша келісім жұмыстары жүргізіліп жатыр.

#### **6. Жинақтау көздерінің саны-28.**

Қарасай филиалы Алматы облысының мемлекеттік архивінің ғимаратында орналасқан.

Филиалдың мекен-жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Қарасай филиалы  
О.Шегебаев, көшесі, 21/1,  
Алмалыбак ауылы,  
Қарасай ауданы,  
Алматы облысы,  
Индекс: 040909,  
Телефон: 8 (72771) 53-1-77  
E-mail: [arhiv.karasay@mail.ru](mailto:arhiv.karasay@mail.ru)

#### **Жеке және занды тұлғаларды қабылдау уақыты:**

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері  
Сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін  
Түскі үзіліс: 13:00-ден 14:00-ге дейін  
Демалыс күндері: сенбі - жексенбі

